**"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 1145 қаулысы.

**"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы**

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 184-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 1145 қаулысымен
бекітілген

**"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспары**

**Астана, 2023 жыл**

**Мазмұны**

Ескерту. Мазмұнына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

Кіріспе
1-бөлім. "ҰАТ" АҚ-ның ағымдағы жай-күйін талдау
1-кіші бөлім. Сыртқы ортаны талдау
2-кіші бөлім. Ішкі ортаны талдау
2-бөлім. Миссиясы мен пайымы
3-бөлім. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, қызметтің түйінді көрсеткіштері және күтілетін нәтижелер
1-кіші бөлім. Стратегиялық бағыт: "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту
2-кіші бөлім. Стратегиялық бағыт: мемлекеттік органдар автоматтандырылған функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске

асырған, өмірдегі және бизнес-ахуалдар цифрландырылған кезде қоғамның рөлін арттыру

3-кіші бөлім. Стратегиялық бағыт: қоғам қызметі тиімділігінің және іскерлік бедел деңгейінің өсуі

4-бөлім. Қызметтің стратегиялық бағыттарын іске асырған кездегі тәуекелдерді басқару жүйесі

**КІРІСПЕ**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ҰАТ" АҚ, қоғам) "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және " Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі № 492 қаулысына сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті ұйым ретінде құрылды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік комитеті қоғам құрылтайшысы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – ЦДИАӨМ) қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Осы "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының даму жоспары ( бұдан әрі – Даму жоспары) оның он жылдық кезеңге арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін белгілейді.

Даму жоспарын әзірлеу кезінде:

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауынан;

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Қазақстан халқына Жолдауынан;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарынан;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен бекітілген Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасынан;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 606 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспарынан;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен бекітілген 2023 – 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасынан;

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 360/НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспарынан туындайтын мақсаттар мен міндеттер ескерілді.

## 1-бөлім. "ҰАТ" АҚ-ның ағымдағы жай-күйін талдау

### 1-кіші бөлім. Сыртқы ортаны талдау

Ескерту. 1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

Соңғы онжылдық тіршілік салаларын барынша қамтып, технологияның қарыштап дамуымен ерекшеленді. Бұлтты хостингтер мен лек-лек хабар тарату, "барлығы біреуінде" технологиялар жиынтығы бар тасымалданатын мобильді құрылғылар өнімділігінің артуы ақпарат алудың және қоршаған әлеммен өзара әрекеттесудің әдеттегі тәсілдерін алмастырды, "цифрлық өмір салты" ұғымы қалыптасты. Деректер біреудің 4G және 5G сияқты жылдамдығы жоғары мобильді желілерінің пайда болуы қозғалыс пен деректер алмасуда толық еркіндікті қамтамасыз етеді. Осы шарттардың барлығы "кез келген уақытта және кез келген жерде" форматында қол жеткізу мүмкіндігімен көрсетілетін қызметтер мен экономиканың барлық саласын электрондық форматқа ауыстыру қажеттігін тудырды.

"Кез келген нәрсе көрсетілетін қызмет ретінде (Anything as a Service – XaaS)", " Резервтік көшірме жасау көрсетілетін қызмет ретінде (Backup as a Service – BaaS)", " Үлкен деректер көрсетілетін қызмет ретінде (Big data as a service – BDaaS)", " Контейнер көрсетілетін қызмет ретінде (Container as a Service – CaaS)", "Бұлтты жасанды интеллект (Artificial Intelligence-as-a-Service – AIaaS)", "Бұлтты дерекқор ( Database as a Service – DBaaS)", "Бұлтты роботтар (Robots as a Service – Raas)", бұлтты сегменттің көрсетілетін қызметтері сияқты технологиялық трендтер және басқалары, Agile икемді трансформация әдіснамасы, мемлекеттік басқару және қызметтер көрсету жүйесінде платформалық модельдерге көшу, мобильді технологиялар, байланыс және үлкен деректерді талдау Қазақстанда цифрландырудың дамуына ықпалын тигізеді.

Цифрлық бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік рейтингісінде (IMD World Digital Competetiveness Ranking 2024) Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Португалия (35-орын), Италия (40-орын), Греция (49-орын), Түркия (55-орын), Мексика (59-орын) сияқты елдерін басып озып, 34- орында тұр.

Экономиканың орнықты өсуі мен дамуы технологиялық прогреспен тығыз байланысты. Уақтылы жасалған батыл инвестициялар мен шығыстарды ұтымды жоспарлау экономика өсуінің жаңа толқынын ынталандыруы мүмкін. Мұндай күрт өсуді АҚШ-та байқауға болады, онда IT-стартаптардың ел экономикасына қосқан үлесі маңызды рөл атқарды. Zoom, PayPal, Uber, Bitcoin және басқалары сияқты табысты стартаптар бизнесті дамытудың жаңа трендтерін белгілейді.

Сондай-ақ экономиканың өсуі үшін елдегі цифрландырудың таралу қарқыны және электрондық коммерцияның жетілуі маңызды фактор болып табылады.

Мәселен, 2022 жылы Қазақстанда қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығы 21,6 трлн теңгені құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 49 %-ға артық, сондай-ақ SmartPay-технологиялар пайдаланылып жасалған төлемдер сомасы 2022 жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 2,1 есе өсті. Жалпы бөлшек электрондық коммерция нарығының өсімі 2021 жылғы нәтижелерге қарағанда 30 %-ды құрады. Орнықты оң динамика – цифрлық төлем сервистері мен маркеттерге деген сенім мен сұраныстың артуының нәтижесі.

Еліміздегі халық санының өсуімен (соңғы 5 жылда 17,9-дан 20,0 млн адамға дейін[4]) және урбанизацияның өсуімен (2025 жылдың басында – 63,0 %[5]) Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі өсуде (15 жастағы және одан асқан адамдар 93,7 %[6]).

Бұл динамика халық тарапынан электрондық көрсетілетін қызметтерге және мемлекеттік аппаратпен өзара іс-қимылға деген сұраныстың ұлғаюына алып келеді, бұл олардың қолжетімділігін, оларды алу ыңғайлылығы мен қауіпсіздігін бірінші кезектегі деңгейге көтереді.

Қазіргі уақытта 14,5 миллион азамат egov.kz "электрондық үкімет" порталының пайдаланушысы болып табылады, 2024 жылы 32 млн қызмет көрсетілді. eGov Mobile мобильді қосымшасы пайдаланушыларының саны 9,7 миллионнан астам, көрсетілген қызметтердің саны 9,9 млн құрады.

2024 жылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 86,3 %-ы смартфондалды және 1083 көрсетілетін қызмет пен сервис eGov Mobile мобильді қосымшасында қолжетімді.Қазақстанда өткізілетін халықаралық IT-форумдар қазақстандық және халықаралық ірі компанияларды, инвесторларды, стартаперлерді тарта отырып және бір алаңда біріктіре отырып, барлық қатысушылар үшін жаңа мүмкіндіктер аша отырып, IT-саланың белсенді дамуына ықпал етеді.

2008 – 2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының "Электрондық үкіметтің" даму индексі" (E-Government Development Index, EGDI) рейтингіндегі өз позициясын Бірлестікке мүше 193 елдің арасында 81-позициядан 28-ге дейін ұдайы жақсартып келді. Осылайша, біздің еліміз 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1 позицияға көтерілді.

2008 – 2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының "Электрондық үкіметтің даму индексі" (E-Government Development Index, EGDI) рейтингісінде Бірлестікке мүше 193 елдің арасында 81-позициядан 24-позицияға көтеріліп, өзінің көрсеткішін тұрақты түрде жақсартып отырды. Осылайша, еліміз 2022 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 4 позицияға көтерілді және теңізге шыға алмайтын барлық елдердің ішінде Қазақстан EGDI жалпы рейтингісінде 1-орынға ие болды.

Қазақстан Республикасы 23 позицияға көтеріліп, "Телекоммуникация инфрақұрылымының индексі" (Telecommunication Infrastructure Index, TII) рейтингісі бойынша өз позициясын айтарлықтай жақсартты және 41-орынға ие болды. Бұл ретте " Онлайн көрсетілетін қызметтердің кеңдігі мен сапасы индексі" жалпы әлемдік рейтингісінде (Online Service Index, OSI) Қазақстан Республикасы 2022 жылдың алдыңғы рейтингісімен салыстырғанда 2 позицияға төмендеп, 10-орынға ие болды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында "Біз өзіміздің үлкен ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетімізді іске асыруымыз керек. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады. Қазақстан Еуразия өңірінің едәуір бөлігінде орталық цифрлық хабқа айналуы тиіс" екендігі атап өтілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес цифрландыру саласының бірқатар маңызды аспектілері де атап өтілді:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің смартфондардан азаматтарға 100 % қолжетімділігі;

2) мемлекеттік органдардың барлық бизнес-процестерін цифрлық форматқа көшіру;

3) отандық компаниялар есебінен квазимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыру үшін ұлттық компаниялардың IT-қоғамдастықпен өзара іс-қимыл платформасын құру;

4) халықаралық дәліздермен ұштастыра отырып, деректерді беру желілерін кезең-кезеңімен кеңейту және жаңарту. Көрші елдерге қызмет көрсете алатын заманауи деректерді өңдеу орталықтарын құру қажет болады.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауында "2026 жылға қарай IT-қызметтердің экспортын бір миллиард долларға дейін жеткізу" міндеті қойылған.

**2-кіші бөлім. Ішкі ортаны талдау**

Ескерту. 2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қоғамның негізгі міндеті өзіне бекітілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған міндетті іске асыру үшін "ҰАТ" АҚ:

"электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 40 қаулысы);

көлік құралдарының электрондық паспорттары жүйесінің ұлттық операторы ( ұлттық әкімшісі) (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 270 қаулысы);

ұлттық жасанды интеллект платформасының операторы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы № 25 қаулысы) ретінде айқындалды.

мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы есепке алудың бақылау аспаптары деректерінің операторы (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 762 бұйрығы) ретінде айқындалды.

Мемлекет басшысының ұлттық цифрлық экожүйені дамыту бойынша № 24-61-11.135 тапсырмасын іске асыру мақсатында "ҰАТ" АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 1 шешімімен "ҰАТ" АҚ-ның "Астана" халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясындағы "QazTech Ltd" жеке компаниясын құруға қатысуы мақұлданды.

"ҰАТ" АҚ құрылымы орталық аппараттан және Қазақстанның әр өңіріндегі өңірлік өкілдіктерден тұрады.

2021 жылғы желтоқсаннан бастап "ҰАТ" АҚ № ОД-23/2021 арнайы экономикалық аймағына қатысушы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың негізінде "Алатау" инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағына қатысушы ретінде тіркелді.

"ҰАТ" АҚ негізгі клиенттері МО болып табылады.

Төменде "ҰАТ" АҚ-ның 2019 – 2022 жылдардағы көрсетілетін қызметтер бөлінісіндегі кірістері келтірілген:

| Көрсетілетін қызметтің атауы | Млн теңге ҚҚС-пен | | | | Үлес салмағы, % | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 |
| Қолдап отыру және ЖТҚ | 6 069,53 | 5 982,7 | 6 204,90 | 7 082,4 | 13,09 | 12 | 11,92 | 11,9 |
| Co-location және | 3 116,57 | 5 038,5 | 6 881,80 | 10 424 | 6,72 | 10 | 13,22 | 17,5 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Хостинг ( IaaS) | | | | | | | | |
| PaaS | 1 002,89 | 465,8 | 1 856,30 | 1 398,3 | 2,16 | 1 | 3,57 | 2,4 |
| SaaS | 575,77 | 1 993,4 | 484,6 | 177,9 | 1,24 | 4 | 0,93 | 0,3 |
| Басқа көрсетілет і н қызметтер | 1 540,77 | 2 858,7 | 2 503,20 | 258,25 | 3,32 | 6 | 4,81 | 0,4 |
| Байланыс қызметтер і | 28 334,3 | 24 809 | 25 826,90 | 32 677,5 | 61,13 | 51 | 49,62 | 55,1 |
| Өңірлік көрсетілет і н қызметтер (ОАТО) | 5 711,40 | 7 681,6 | 8 286,90 | 7 335, 3 | 12,32 | 16 | 15,92 | 12,4 |
| Барлығы | 46 351,2 | 48 827,7 | 52 044,70 | 59 353,6 | 100% | 100% | 100% | 100% |

2019 – 2022 жылдардағы "ҰАТ" АҚ қызметінің негізгі қаржылық көрсеткіштері төменде келтірілген:

**"ҰАТ" АҚ қызметінің негізгі қаржылық көрсеткіштері**

| Көрсеткіштер | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 |
|---|---|---|---|---|
| Активтер, млрд теңге | 41,023 | 44,3 | 49,6 | 64 |
| Кіріс, млрд теңге | 42,4 | 44,88 | 48,17 | 57 |
| Пайда, млрд теңге | 5,3 | 7,35 | 7,46 | 10 |
| Еңбек өнімділігі, млн теңге | 24 | 27,17 | 27,19 | 31,5 |

Қызметті жан-жақты талдау "ҰАТ" АҚ-ның мықты және әлсіз тұстарын, сондай-ақ кестеде келтірілген мүмкіндіктер мен қауіптерді (ықтимал тәуекелдер) бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

| Мықты тұстары (S) | Әлсіз тұстары (W) |
|---|---|
| 1. Күрделілігі, ауқымдылығы әртүрлі деңгейдегі IT-жобаларды, оның ішінде "электрондық үкіметті" іске асырудың 20 жылдық табысты тәжірибесі (IT брендтер: eGov, "Smart Bridge", "Smart Data Ukimet", ЭҮШ, ЭҮТШ, eSapa, eLicense, МО БКО, МО ИРБП, Техникалық қарап-тексеру БАЖ, МДҚ және АХАЖ, БНАЖ, ХҚКО ЫАЖ, ҚР ҰКО, ҚР НКО, ҚР МО КО, ҚР СБҮТ).<br>2. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторының мәртебесі (бұдан әрі – ЭҮ АКИ) және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің (бұдан әрі – ЭҮ АО) иелеріне АКҚ көрсетуге заңнамалық құзыреті. | 1. Инфрақұрылымды жаңғыртуға және техникалық жарақтандыруға азайтылған капитал салымдары.<br>2. Нарықта IT-компаниялар ұсынатын жалақымен салыстырғанда жұмыскерлер жалақысының тартымсыз деңгейі.<br>3. Бөгде байланыс операторларына тәуелділік.<br>4. Меншікті ресурстардың жетіспеуіне байланысты коммерциялық дата-орталықтарға тәуелділік.<br>5. IT-көрсетілетін қызметтерге арналған МО бюджетіне тәуелділік (мемлекеттік бюджетті |

| | |
|---|---|
| 3. Меншікті АКИ (ДӨО, серверлік үй-жайлар, " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасы (бұдан әрі – ЭҮ АКП, МО БКО), оның ішінде өңірлік (21 өңірдегі өкілдік) болуы.<br>4. ЭҮ АО иелері тарапынан көрсетілетін қызметтерге тұрақты сұраныс пен республикалық және жергілікті бюджеттер тарапынан орнықты қаржыландыру.<br>5. Ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығының (бұдан әрі – АҚЖО) болуы.<br>6. "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде цифрлық техникалық реттеу" жобасын іске асыру шеңберінде мемлекетаралық өзара іс-қимыл тәжірибесі. | оңтайландыру, IT-жобаларды іске асырудағы дәйексіздік, іске асыру кезеңдерін ауыстыру).<br>6. Баламалы қаржыландыру көздерін тарту тәжірибесінің болмауы.<br>7. Коммерциялық жобаларды іске асыру саласындағы тәжірибенің жеткіліксіздігі.<br>8. Қызметтер көрсетудің тұрақсыздығына байланысты компания беделінің төмендеуі.<br>9. Ішкі бизнес-процестердің операциялық тиімсіздігі .<br>10. Персоналды жігерлендірудің төмен деңгейі және кадрлардың тұрақтамауының жоғары болуы. |

| Мүмкіндіктер (О) | Қауіптер (Т) |
|---|---|
| 1. Қоғамның қызметін регламенттейтін заңнамалық процеске қатысу.<br>2. Жаңғыртылған ЭҮ АКИ базасында қызметтің жаңа бағыттарын және жаңа көрсетілетін қызметтерді дамыту, қызметтердің жаңа түрлерін көрсетуге сұранысты қалыптастыру.<br>3. Нарықпен белсенді өзара іс-қимыл және бірлескен IT-жобаларды іске асыру.<br>4. ЭҮ АКИ-да ЭҮ АО ЭАР орналастыру және шоғырландыру.<br>5. Қызметтің жаңа бағыттары мен жаңа көрсетілетін қызметтерді дамыту.<br>6. Пайдаланушылардың сұранысы бойынша сапалы талдауды ұсыну.<br>7. Іске асыру үшін бөгде қаржыландыруды тарта отырып, меншікті инвестициялық жобаларды іске асыру.<br>8. Қоғамды капиталдандыруды арттыру. | 1. Елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауы салдарынан қоғамды қаржыландыру көлемінің қысқаруы.<br>2. ЭҮ АКИ-да орналастырылған ЭҮ АО ЭАР қолжетімділігін, құпиялылығын және тұтастығын жоғалту мүмкіндігіне әкеп соғатын киберқауіптер мен кибершабуылдар санының ұлғаюы.<br>3. ЭҮ АКИ операторының мәртебесін жоғалту. |

Сыртқы және ішкі ортаны талдау негізінде "ҰАТ" АҚ қызметінің миссиясы, стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері және негізгі көрсеткіштері қалыптастырылды.

## 2-бөлім. Миссиясы мен пайымы

**Миссиясы:** азаматтар, бизнес және мемлекет арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру үшін "электрондық үкіметтің" экожүйесін дамыту және оны "цифрлық" экржүйеге көшіру.

**Пайымы:** "цифрлық үкімет" экожүйесінің және мемлекеттік басқару саласындағы IT-шешімдердің операторы.

Миссиясы мен пайымы негізінде қызметтің мынадай стратегиялық бағыттары айқындалды:

1) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту;

2) мемлекеттік органдардың автоматтандырылған функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыруы, өмірлік және бизнес ахуалдарды цифрландыру кезінде қоғамның рөлін арттыру;

3) қоғам қызметінің тиімділігі мен іскерлік бедел деңгейінің өсуі.

## 3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, қызметтің түйінді көрсеткіштері және күтілетін нәтижелер

Ескерту. 3-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

### 1-кіші бөлім. Стратегиялық бағыт: "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту

Ескерту. 1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

#### 1-мақсат. Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік желісін дамыту

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген тапсырмаларды орындау ақпараттың қажетті көлемін сақтауға және өңдеуге мүмкіндік беретін сенімді және технологиялық дамыған АКИ болмайынша мүмкін емес. Істен шығуға төзімділік пен қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін инфрақұрылымның болуы да "электрондық үкіметті" дамыту үшін базалық шарт болып табылады.

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын (бұдан әрі – МО БКО) дамыту міндеттері:

1) МО БКО-ның меншікті талшықты-оптикалық сегменттерін ұлғайту;

2) МО БКО-ның меншікті спутниктік сегменттерін ұлғайту;

3) DWDM технологиясын пайдалана отырып, магистральдық байланыс арналарын ұлғайту (дамыту);

4) МО БКО-ға қосылған пайдаланушылар (МО, ЖАО, квазимемлекеттік сектордағы ЭҮ АО иелері) санының өсуі болып табылады.

Қызметтің түйінді көрсеткіші:

МО БКО қолжетімділік индексі.

Күтілетін нәтиже:

ЭҮ АО қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, заманауи техникалық және заңнамалық талаптарға жауап беретін меншікті телекоммуникациялық желінің болуы;

МО БКО үздіксіз жұмыс істеуі;

МО БКО арқылы оператор ұсынатын көрсетілетін қызметтердің спектрін кеңейту, олардың сапасы мен тұтынушылар үшін қолжетімділігін арттыру.

**2-мақсат. Қоғамның деректерді өңдеу орталықтарын дамыту**

Қоғамның деректерді өңдеу орталығы (бұдан әрі – ДӨО) мемлекеттік органдардың серверлік орталығының (бұдан әрі – МО СО) функцияларын орындайды, онда ЭҮ АО орналастырылады.

ДӨО – IT-шешімдерінің, жоғары технологиялық жабдықтардың және инженерлік құрылымдардың кешенін қамтитын күрделі инженерлік жүйе.

Мемлекет басшысының ДӨО құрылысына қатысты тапсырмаларын іске асыру үшін "ҰАТ" АҚ орталық деңгейдегі МО СО-ның, сол сияқты өңірлік деңгейдегі ДӨО өндірістік қуаттарын дамытуды жоспарлап отыр. Сонымен бірге ЖИ ұлттық платформасын құру үшін МО СО-да орналастыра отырып, есептеу қуаттары ( суперкомпьютер) сатып алынатын болады.

Міндеттер:

1) жаңа ДӨО пайдалануға беру және оларды Uptime Institute ұйымынан Tier 3 сәйкестігіне сертификаттау;

2) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында "ҰАТ" АҚ қолданыстағы серверлік үй-жайы ( Астана қаласы) мен өңірлік серверлік үй-жайларды және олардың инженерлік жүйелерін жаңғырту;

3) коммерциялық ДӨО-дан көрсетілетін қызметтерді сатып алу арқылы Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес ЭҮ АО және олардың ЭАР резервтеуді қамтамасыз ету;

4) IaaS моделі бойынша АКҚ санының өсуі;

5) МО СО-да орналастыра отырып, есептеу қуаттарын (суперкомпьютер) сатып алу.

Қызметтің түйінді көрсеткіші:

ДӨО-ның қолжетімділік индексі.

Күтілетін нәтиже:

ЭҮ АО қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, заманауи техникалық және заңнамалық талаптарға жауап беретін меншікті ДӨО-ның болуы;

ЭҮ АО үздіксіз жұмыс істеуі;

IaaS моделі бойынша АКҚ операторы ұсынатын көрсетілетін қызметтердің спектрін кеңейту.

**3-мақсат. "Электрондық үкіметтің" бұлтты ақпараттық-коммуникациялық платформасын құру (дамыту)**

Мемлекеттік органның қызметін, оның ішінде мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуді автоматтандыру ЭҮ АО құрудың, дамытудың басымдығын қамтамасыз етуді және бұлтты ЭҮ АКП-да АКҚ көрсетуді ескере отырып жүзеге асырылады.

Бұлтты ЭҮ АКП ЭҮ АО құрылатын (дамытылатын) және пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу мен тестілеудің өндірістік және технологиялық процесін ұйымдастыруға арналған, әзірлеу, тестілеу орталарын, бастапқы кодтар мен пайдалану репозиторийін қамтуға тиіс.

Міндеттер:

1) бұлтты ЭҮ АКП инфрақұрылымын өрістету және пайдалануға беру, оның ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарына сәйкестігіне жыл сайын сынақтардан табысты өтуі;

2) жағдайлар жасау және DevSecOps әдіснамасын әзірлеу (дамыту), әзірлеуді ( дамытуды) басқару, тестілеу, бастапқы кодтарды сақтау және бұлтты ЭҮ АКП-да ЭҮ АО орналастыру процестеріне енгізу;

3) PaaS моделі бойынша АКҚ санының өсуі.

Қызметтің түйінді көрсеткіші:

миграцияға жататын бұлтты ЭҮП АКП-да орналастырылған ЭҮ АО үлесі.

Күтілетін нәтиже:

ЭҮ АО құру және дамыту мерзімдерін қысқарту;

эргономиканың, үйлесімділіктің, сенімділік пен қауіпсіздіктің сапалы жаңа деңгейіне көше отырып, бұлтты ЭҮ АКП-да ЭҮ АО құру және дамыту жөніндегі процестердің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;

бұлтты ЭҮ АКП-да орналастырылған ЭҮ АО бағдарламалық қамтылымының эталондық бастапқы кодтарының орталықтандырылған сақтау орны;

отандық шешімдерді әзірлеуді және қазақстандық бағдарламалық қамтылымды әзірлеушілерді қолдау;

дайын (стандартты) шешімдерді әзірлеу, қайта пайдалану мерзімдерін қысқарту есебінен бюджет шығыстарын азайту.

**2-кіші бөлім. Стратегиялық бағыт: мемлекеттік органдар автоматтандырылған функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асырған, өмірдегі және бизнес-ахуалдар цифрландырылған кезде қоғамның рөлін арттыру**

Ескерту. 2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

**1-мақсат. Деректерді басқару және ЖИ**

Ескерту. 1-мақсаттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" Заңның 13-бабының 16) тармақшасында бекітілген деректерді талдауды жүзеге асыру үшін "ҰАТ" АҚ электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу бойынша құзыретке ие бола отырып, МО-ға Big Data технологияларына негізделген талдамалық ақпаратты ұсынуға мүмкіндігі бар.

Бұл бағытты дамыту жасанды интеллект технологияларын және үлкен деректерді талдау бойынша жаңа шешімдерді енгізуге, сондай-ақ алтын жазбаларды (яғни, есепке алу объектісі туралы шынайы және өзекті ақпаратты) анықтау және өз функциялары шеңберінде кедергісіз пайдалану үшін барлық мемлекеттік органдарға алтын жазбаларды ұсыну мақсатында барлық ведомстволардан бірыңғай дерекқорға ақпарат жинауға арналған эталондық деректер қорын құруға кірісуге мүмкіндік береді. Эталондық дерекқорды ендіру бизнес-процестердің барлық құрамдас бөліктеріне, оның ішінде деректер көздеріне, деректердің авторлығына, сапасына, толықтығына және әлеуетті пайдаланылуына тұтас көзқарас береді және МО-мен өзара іс-қимылдың жаңа моделін құру мақсатында мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру және қызметтер көрсету кезінде ақпаратқа қол жеткізу қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үлкен деректермен жұмыс саласындағы ТОП-5 жобаға енген (ADV Conference конференциясы, Вена-Аустрия, 2023 жылғы сәуір) және кәсіпқойлығы үшін Data Excellence Hero Award сыйлығына ұсынылған үлкен деректерді талдауды жүзеге асыратын "Smart Data Ukimet" жобасын іске асыру "ҰАТ" АҚ-ның осы бағыттағы жетістіктерінің бірі болып табылады.

Мемлекет басшысы өзінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Қазақстан халқына Жолдауында "Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. "Электронды үкімет" платформасына жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу қажет. Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс" деген басым міндет қойды.

Алдағы уақытта қоғам процестердің тиімділігін арттыру, оңтайландыру және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында өз қызметіне жасанды интеллект технологиясын ендіруді жоспарлап отыр. Жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) деректерді талдауды, шешімдер қабылдауды, пайдаланушылармен өзара іс-қимыл жасауды және бизнес-процестерді оңтайландыруды қоса алғанда, компания жұмысының әртүрлі аспектілерін автоматтандыру мен жақсарту үшін қолданылатын болады.

Қоғамда қолданылатын үлкен деректерді талдаумен қатар ЖИ халық үшін қызметтер мен сервистер көрсетудің адамға бағытталған тиімді моделінің форматын

түпкілікті қалыптастырады, бұл азаматтардың сұратылатын е-көрсетілетін қызметтер мен смарт-сервистерді алу қажеттіліктерін неғұрлым нақтырақ қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, ЖИ технологиясын қолдану операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға және мемлекеттік аппарат үшін шешімдер қабылдау тетігін ендіруге мүмкіндік береді.

ЖИ қолдануды заңдастыру және реттеу үшін күшті нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу қажеттігі ЖИ технологиясын ендірумен қатар бірінші кезектегі міндет болып табылады.

Инновациялық технологияны ендіру процесі келесі қадамдарды қамтиды:

жасанды интеллектті қолданудың әлеуетті салаларын анықтау;

жасанды интеллектті оқыту үшін қажетті бастапқы деректерді жинау мен дайындау, машиналық оқыту модельдері мен алгоритмдерін әзірлеу;

міндеттерді автоматтандыру немесе оңтайландыру үшін жасанды интеллектті қолданатын БҚ әзірлеу және ендіру, сондай-ақ жасанды интеллектті қолданыстағы жүйелер мен процестерге интеграциялау;

негізгі тиімділік көрсеткіштері арқылы жасанды интеллектті ендіру нәтижелерін бағалау және алдыңғы әдістер мен жүйелермен салыстыру;

модельдер мен алгоритмдерді үнемі жаңартып отыру.

Міндеттер:

1) "Деректер – маңызды мемлекеттік актив" парадигмасында мемлекеттік деректерді басқару тәсілдерін дамыту (Open API);

2) мемлекеттік қызметтерді көрсету және мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды жинау мен пайдаланудың тиімділігін арттыру (CDC);

3) дата-өнімдерді қалыптастыру мақсатында мемлекеттік органдар үшін құралдар жасау;

4) барлық ведомстволардан түсетін ақпаратты бірыңғай дерекқорға шоғырландыру үшін эталондық дерекқор құру;

5) ЖИ құралдарын енгізу;

6) ЖИ қолдана отырып, жаңа өнімдер жасау.

7) ұлттық жасанды интеллект платформасын құру.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік функциялардың эталондық дерекқорын толықтыру;

2) құралдардың көмегімен жасалған дата-өнімдердің саны;

3) ЖИ пайдаланатын өнім саны;

4) таза пайдадан инновацияларды дамытуға арналған шығыстардың үлесі.

Күтілетін нәтиже:

мемлекеттік қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын деректердің эталондық жазбаларын жасау;

мемлекеттік басқаруда Data-driven decision making (үлкен деректерге негізделген басқару шешімдерін қабылдау) тәсілін енгізу;

деректерді басқаруға, олардың толықтығын, өзектілігін, қайшы келмеуін және байланыстылығын қоса алғанда, деректерді басқарудың орталықтандырылған тәсілін ендіру (оның ішінде эталондық деректермен);

деректердің қолжетімділігін қамтамасыз ету: жаңа деректер жиынтығын жариялау, жарияланған жиынтықтарды іздеу мүмкіндігі және оларға барынша аз мерзімде қол жеткізу құқығын алу;

ЖИ негізінде "ақылды" көрсетілетін қызметтер мен сервистерді іске асыру;

мемлекеттік басқарудың ең сұранысқа ие салаларында зияткерлік жүйелерді дамыту .

**2-мақсат. ЭҮ АКП-да орналастырылған ЭҮ АО-ның сенімді және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету**

Бұлтты ЭҮ АКП-да орналастырылған ЭҮ АО-ны техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету бөлігінде қоғамның көрсетілетін қызметтерін дамыту және инциденттерді сапалы тергеп-тексеру, зиян келтіретін кодты талдау және анықтау, шабуылдарды ерте анықтау үшін жаңа қатерлерді анықтау есебінен олардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ЭҮ АКИ және МО АЖ жұмыс істеуі кезінде техникалық сүйемелдеу және инциденттерді жою жөніндегі операциялық процестерді жетілдіру билік органдарының өздеріне бекітілген функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асырудағы қоғамның рөлін арттыруға, өмірдегі және бизнес ахуалдарды цифрландыруға мүмкіндік береді. "ҰАТ" АҚ ұсынылатын қызметтерді оңтайландыруды, жүйелер мен сервистердің қолжетімділігіне тәулік бойғы мониторингті, сондай-ақ пікірлер мен ұсыныс-тілектерді талдау арқылы клиенттермен кері байланысты қамтамасыз етеді.

Міндеттер:

1) бұлтты ЭҮ АКП-да орналастырылған ЭҮ АО сүйемелдеу желісінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету;

2) ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) АЖ мен БӨ, оның ішінде бұлтты ЭҮ АКП-да орналастырылған өнімдердің қолжетімділігі;

2) ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қолжетімділігі;

3) "ҰАТ" АҚ-ның көрсетілетін қызметтерін алушылардың қанағаттану деңгейі.

Күтілетін нәтиже:

ЭҮ АО жұмыс істеуінің тұрақтылығын арттыру;

ЭҮ АКИ жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру;

ЭҮ АО қолжетімсіздігі тәуекелдерін төмендету;

тұтынушылардың "ҰАТ" АҚ ұсынатын көрсетілетін қызметтерге қанағаттану деңгейін арттыру.

**3-мақсат. Электрондық форматта көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру**

Ескерту. 3-мақсатқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 481 қаулысымен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алу рәсімдерін толық цифрландыру тапсырылды.

Ол үшін қызметтер көрсеткен кезде барлық көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруға, ортақ арналы болуға ұмтылу, ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасауда және азаматтармен қарым-қатынас кезінде қағаз тасығыштарды пайдаланудан бас тартуға ұмтылу, ақпараттың цифрлық расталуын қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар "өмірдегі ахуалдар" негізінде көрсетілетін қызметтерді саралау проактивті ғана емес, сонымен қатар қазіргі өмір салтына мейлінше лайықты композиттік қызметтерді көрсетуге көмектеседі. Деректерді талдау және жасанды интеллект технологияларын қолдану смарт-көрсетілетін қызметтерді жасауға бастама болады.

Сондай-ақ Digital Bridge халықаралық форумының пленарлық сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның цифрлық трансформациядағы бес басымдығын атап өтті, адамға бағдарлануды дамыту солардың бірі ретінде белгіленді. Осы тапсырманы іске асыру тұрғысынан "ҰАТ" АҚ үшін көрсетілетін қызметтер мен сервистердің инклюзивтілігін бағалау кезінде халықтың барлық санаттарының сұраныстары мен мүдделерін ескеру маңызды. Бұл бір жағынан алынған қызметтердің сапасын бағалау үшін және екінші жағынан көрсетілетін қызметтер мен сервистердің азаматтардың сұраныстарына сәйкестігін түсіну үшін деректерді жинау және талдау процестеріне халықтың қатысуы арқылы мүмкін болады.

Заманауи тенденциялар мобильді технологиялардың бар жаһанда пайдаланылуына, смартфондардың жаппай енуіне әкелуде. Барлық көрсетілетін қызметтерді мобильді форматта ұсыну жеке бағыт болады. Осылайша, пайдаланушылардың ұтқырлығы мен көрсетілетін қызметтерді алу кезіндегі ыңғайлылық артады.

Халықтың электрондық сервистермен өзара іс-қимылын оңайлату үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер деңгейінде және жеке бизнесте жеке тұлғаларды тану мен сәйкестендірудің заманауи және перспективалы технологиялары кеңінен қолданылатын болады.

"ҰАТ" АҚ-на сенімгерлік басқаруға берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелері мен компоненттерін дамыту мүмкіндігі көрсетілетін қызметтердің сапасын

арттыруға қосымша серпін болып табылады. Бұл міндет 2021 жылы бекітілген " электрондық үкіметтің" компоненттерін (ЭҮП, ЭҮШ, ЭҮТШ, ББ, ЕЛ МДБ, "Мобильді үкімет") дамыту тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылады.

Міндеттер:

1) "электрондық үкімет" порталын сүйемелдеу мен дамыту;

2) мобильді шешімдерді дамыту;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде инклюзия қағидатын ендіру;

4) көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау мониторингін автоматтандыру және көрсетілетін қызметті алушылармен кері байланысты ұйымдастыруды жетілдіру;

5) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын жетілдіру;

6) бет-әлпетті тану және дербес деректерге рұқсат беруді бақылау технологиясы негізінде сәйкестендірудің орталықтандырылған елдік жүйесін құру.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) халықтың өз бетінше алынған электрондық көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейі;

2) мобильді форматта қолжетімді цифрлық көрсетілетін қызметтердің үлесі;

3) ұлттық биометриялық сәйкестендіру жүйесі арқылы жүргізілген сәйкестендіру саны.

Күтілетін нәтиже:

мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде қатынас жасауды барынша азайту;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға жұмсалатын уақыт пен шығындарды қысқарту;

мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін бұзу санын азайту;

мемлекеттік көрсетілетін қызметті тәуліктің кез келген уақытында онлайн режимде алу;

азаматтарға арналған SuperApp қағидаты бойынша мобильді қосымшаны іске қосу;

мемлекеттік қызметтер көрсетудің ортақ арналы болуын дамыту.

### 3-кіші бөлім. Стратегиялық бағыт: қоғам қызметі тиімділігінің және іскерлік бедел деңгейінің өсуі

### 1-мақсат. "ҰАТ" АҚ HR-брендінің танымалдығы мен тартымдылығын арттыру

"ҰАТ" АҚ талантты жастар мен деңгейі жоғары мамандар үшін тартылыс және нетворкинг орталығына айналуға ұмтылады. Компанияны технологиялық көшбасшы ретінде позициялау үшін адами ресурстарды басқару тәсілдері қайта қаралады. "ҰАТ" АҚ қызметкерлері компанияның басты құндылығы болып табылатындықтан, қоғамның цифрлық трансформациясын жүргізу арқылы жаңа корпоративтік мәдениет әзірленіп, енгізілетін болады.

Қоғамның цифрлық трансформациясы – қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған және цифрлық технологияларды ендіру, деректер негізінде басқару, кадрларды, құзыреттер мен мәдениетті дамыту, сондай-ақ басқарудың заманауи тәсілдері арқылы экономикалық тиімділік өлшемшарттарына жауап беретін қоғамның бизнес-моделін, өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ бизнес-процестерін кешенді қайта құру.

Басқа АКТ-компаниялармен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жоғары білікті қызметкерлерді тарту және ұстап қалу үшін "ҰАТ" АҚ жұмыс беруші ретінде әлеуметтік пакетті жетілдіру және еңбек жағдайын жақсарту, оның ішінде ЕТҚ-ны ұлғайту, IT-саласының алып компанияларына ұқсас жайлы офис ұсыну, қоғамның қызметтік тұрғын үйін беру, қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыру және басқа да ынталандыру тетіктері бағытында жұмыс істейді.

"ҰАТ" АҚ-ның жағымды бейнесін қалыптастыру және оның беделін арттыру мақсатында IT-компанияның SMM-трендтерін және мақсатты аудиториямен, атап айтқанда қазіргі қызметкерлермен және студенттермен, сондай-ақ әлеуетті қызметкерлермен тұрақты коммуникацияларды ескере отырып, кешенді іс-шаралар өткізу арқылы "ҰАТ" АҚ брендін қалыптастыруды және ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет.

Сондай-ақ "ҰАТ" АҚ жұмысының тиімділігін арттыру, корпоративтік басқарудың даму деңгейін айқындау, акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында корпоративтік басқаруды бағалау жүргізілетін болады.

Міндеттер:

1) персоналды ынталандырудың икемді құралдарын қалыптастыру;

2) қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

3) нақты позицияларға "таланттар (мирасқорлар) пулын" қалыптастыру;

4) үздік мамандарды тарту, жас таланттарды қолдау саясатын ендіру;

5) HR-талдауды жүргізу;

6) әлеуметтік пакетті жақсарту;

7) жұмыс беруші ретінде қоғам брендінің имиджін және танымалдығын арттыру;

8) "ҰАТ" АҚ жаңа брендін БАҚ-та, әлеуметтік медиада, кәсіптік қоғамдастықтар мен қауымдастықтарда ілгерілету, бұл компанияның іскерлік беделін арттыруға ықпал етеді;

9) қоғамның имиджін белсенді ынталандыру және компанияның беделін, оның ішінде нысаналы бұқара топтардың санасында дербес көп өнімді бренд ретінде нығайту жөніндегі іс-шараларды өткізу, барлық нысаналы аудиториялармен тығыз өзара іс-қимыл жасау.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) шешімдер қабылдау деңгейінде әйелдердің үлесін арттыру;

2) персоналдың қанағаттану деңгейі;

3) корпоративтік басқару рейтингі.

Күтілетін нәтижелер:

жобалық командаларды қалыптастыру және трансформациялау офисі, өзара іс-қимылдың жаңартылған моделін іске қосу;

"ҰАТ" АҚ-ның Қазақстандағы үздік корпоративтік мәдениеті бар компания ретінде позициялануы;

"ҰАТ" АҚ-ның Қазақстанның АКТ-нарығындағы үздік жұмыс беруші ретіндегі беделін арттыру және қолдап отыру;

"ҰАТ" АҚ ішкі тиімділігі мен басқару жүйесін арттыру;

IT-мамандардың кәсіпқойлығы мен құзыреттілігін арттыру.

**2-мақсат. Кірістердің өсуі және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету**

"ҰАТ" АҚ-ның қаржылық тұрақтылығы меншікті айналым капиталының болуымен, активтер мен пассивтерді тиімді басқарумен, материалдық-өндірістік қорлармен қамтамасыз етілумен, сондай-ақ іске асырылатын қызметтердің кірістілігімен айқындалады.

"ҰАТ" АҚ кірістердің өсуін арттыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында мыналарды қамтамасыз етуді жоспарлап отыр:

қаржыны басқару, сатып алуды жүргізу және шарттар жасасу бойынша бизнес-процестерді, тәуекел-менеджмент жүйесін жетілдіру арқылы шығындарды азайту және пайданы арттыру, бұл компанияның орнықты қаржылық дамуына әсер ететін күтілген және қолайсыз факторларды болғызбауға мүмкіндік береді;

компания қызметінің кірісті және шығынды бағыттарын айқындауға және құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері мен басшыларының түпкілікті нәтижеге ынтасын жоғарлатуға және компанияның кірістілігін арттыруға мүмкіндік беретін бөлек басқарушылық есепке алуды ендіру;

өндірістік және әкімшілік-басқару шығыстарын талдау арқылы кірістер мен шығыстар теңгерімін сақтай отырып, бюджеттің шығыс бөлігін және қаржылық рәсімдерді оңтайландыру;

бірлескен бағдарламаларды (гранттық қолдауды, жеңілдікті кредиттік бағдарламаларды тарту) іске асыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарымен, инвестициялық қорлармен және басқа да даму институттарымен ынтымақтастық орнату арқылы сыртқы қаржыландыру көздерін тарту.

Іске асырылып жатқан іс-шаралар "ҰАТ" АҚ-ға өзінің нарықтық құнын және технологиялық жағынан дамыған тиімділігі жоғары компания ретінде инвесторлар үшін тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Міндеттер:

1) кірістерді, шығыстарды және іске қосылған активтерді бөлек есепке алуды ендіру , көрсетілетін қызметтердің рентабельділігін айқындау;

2) бюджеттің шығыс бөлігін қысқарту, қаржылық рәсімдерді оңтайландыру;

3) инвестициялық жобаларға (гранттар, сыртқы инвестициялар және т.б.) қаржыландырудың жаңа көздерін тарту.

Қызметтің түйінді көрсеткіштері:

1) рентабельділік;

2) өндірістік персоналдың 1 қызметкеріне шыққандағы еңбек өнімділігі;

3) негізгі капиталға меншікті инвестициялардың көлемі.

Күтілетін нәтижелер:

таза пайданы ұлғайту;

бюджет қаражатын жоспарлау мен бөлудің сапалы жүйесі бар кірістілігі жоғары және шығынсыз компанияға айналу.

**3-мақсат. Экспорт**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында 2026 жылға қарай IT-қызметтер экспортының деңгейін бір миллиард АҚШ долларына дейін жеткізу тапсырылды, сондай-ақ Қазақстанның " электрондық үкіметтің" даму индексі бойынша жоғары деңгейге қол жеткізгені атап өтіледі. "Электрондық үкіметтің" ұлттық операторы бола отырып, компания өз тәжірибесімен, құзыреттерімен бөлісуге және ендіруге арналған дайын шешімдер ретінде e-Gov компоненттерін шетелде ілгерілетуге ниетті.

Жоғарыда көрсетілген тапсырманы орындау үшін компания қоғамның IT-шешімдерін әлемдік стандарттар мен сұраныстарға сай келетін дайын өнімдерге салу арқылы "ҰАТ" АҚ құзыреттерін танымал етуге және ілгерілетуге, сондай-ақ нақты нысаналы тапсырыс беруші елдердің АКТ және "электрондық үкіметінің" даму деңгейін айқындау бойынша өткізу нарықтарын талдауға бағытталған экспорт жөніндегі қызметті жүзеге асыратын болады.

Осы бағыттағы жұмыстың нәтижелілігі үшін тиімді халықаралық өзара іс-қимыл жүргізу, шет елдермен және ұйымдармен озық тәжірибе алмасу, халықаралық бейінді IT форумдар мен іс-шараларға қатысу, сондай-ақ қоғамның көрсетілетін қызметтерін нысаналы елдерде локальды ілгерілету үшін әлемдік жетекші АКТ-көшбасшылармен өзара іс-қимылды жолға қою және ұзақ мерзімді қатынастар құру талап етіледі.

Міндеттер:

1) шетелде әлеуетті тапсырыс берушілер үшін қоғамның перспективалы экспортқа бағдарланған IT-өнімдерін ілгерілету;

2) белгілі бір тапсырыс берушінің әрбір сұранысы үшін өнімдерді ұсыну және ыңғайластыру;

3) қоғам өнімдерін ілгерілету және әлемдік аренада имиджін арттыру мақсатында халықаралық іс-шараларға қатысу;

4) басқа елдерге ілгерілету арнасы ретінде дүниежүзілік ұйымдармен ұзақ мерзімді әріптестік қатынастар құру, келісімдер/меморандумдар жасасу.

Қызметтің түйінді көрсеткіші:

қоғамның шет елдер мен ұйымдар пайдаланатын IT-шешімдерінің саны.

Күтілетін нәтижелер:

халықаралық әріптестер/тапсырыс берушілер тізімін кеңейту (халықаралық ұйымдар, елдердің үкіметтері және бизнес);

әлемдік аренада "ҰАТ" АҚ бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2026 жылға қарай IT-қызметтер экспортының жалпы көлемін 1 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту жөніндегі жалпыелдік нысаналы индикаторға қол жеткізуге үлес.

## 4-бөлім. Қызметтің стратегиялық бағыттарын іске асырған кездегі тәуекелдерді басқару жүйесі

"ҰАТ" АҚ қызметтің стратегиялық бағыттарын іске асыру кезіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі осы Даму жоспарына 1-қосымшада баяндалған.

2024 – 2033 жылдарға арналған "ҰАТ" АҚ қызметінің түйінді көрсеткіштері осы Даму жоспарына 2-қосымшада баяндалған.

Қызметтің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі осы Даму жоспарына 3-қосымшада ұсынылған.

"ҰАТ" АҚ стратегиялық картасы осы Даму жоспарына 4-қосымшада баяндалған.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар"
акционерлік қоғамының
2024 – 2033 жылдарға
арналған даму жоспарына
1-қосымша

## Қызметтің стратегиялық бағыттарын іске асыру кезіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі

"ҰАТ" АҚ-ның 2024 – 2033 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру барысында алдын алу шараларын, сондай-ақ осындай тәуекелдердің басталуынан болатын салдарды азайтатын іс-қимылдар қабылдауды талап ететін тәуекелдердің туындауы ықтимал:

| Р/с № | Тәуекелдің немесе қауіптің атауы | Тәуекелдің салдары | Тәуекелдің алдын алу шаралары | Тәуекел туындаған кезде ден қою жөніндегі іс-шаралар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1-стратегиялық бағыт. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту** | | | | |
| | | | Уәкілетті органның сатып алынатын АК - көрсетілетін | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Бюджетті секвестрлеу және МО-ның ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алуға шығыстарын қысқарту/жою | Клиенттер санының азаюы, АК-қызметтер көрсетуден түсетін жоспарлы кірістердің азаюы | қызметтердің көлемі бойынша бюджеттік өтінімдер мен негіздемелер дайындауына қатысу, көрсетілетін қызметтерді алушылар нарығына тұрақты негізде талдау жүргізу, МО-мен тиімді өзара іс-қимыл жасау | Шығыстарды оңтайландыру, жоспарлау жүйесінің сапасын арттыру және балама кіріс көздерін іздеу |
| 2 | Бөгде байланыс операторларының қызметтер көрсету шарттарын, сапасы мен құнын өзгертуі | Байланыс арналарын жалға алу құнынын артуы, олардың өткізу қабілеті мен қолжетімділігінің нашарлауы, АК-инфрақұрылымына қолжетімділік деңгейінің және "ҰАТ" АҚ көрсететін АК-қызметтер сапасының төмендеуі | Әріптес-бөгде байланыс операторларымен тиімді өзара іс-қимыл жасау, бөгде байланыс операторларының байланыс арналарын жалға алу бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуы бойынша шарттар мен техникалық ерекшеліктерді сапалы дайындау, резервтік байланыс арналарын пайдалану, тарифтерді, бөгде операторлардың байланыс арналарының өткізу қабілеті мен қолжетімділігін ескере отырып, МО БКО-ның оңтайлы желісін қалыптастыру, МО БКО-ның меншікті желісін дамыту | Жедел ден қою жоспарын іске асыру, даулы мәселелер туындаған кезде "ҰАТ" АҚ мүдделерін қорғау үшін заңды шараларды пайдалану |
| | | АЖ "ҰАТ" АҚ сүйемелдейтін деректер тұтастығының, құпиялылығының, қолжетімділігінің | АҚ қамтамасыз ету орталығын құру, киберқауіпсіздіктің негізгі бағыттары бойынша "ҰАТ" АҚ АҚ блогы мамандарының біліктілігін арттыру (қорғалуды тестілеу | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Заманауи қылмыстық кибертоптардың және шетелдік барлау қызметтерінің іс-қимылдарына байланысты АҚ саласындағы киберқауіптер мен кибершабуылдар санының өсуі | бұзылуы, АҚ шарттары мен талаптарының бұзылуы, МО және оның көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар арасындағы беделдің нашарлауы, МО атынан тапсырыс берушілердің айыппұл санкциялары, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер | , инциденттерді басқару, жаңа буындағы желілік қауіпсіздік, нысаналы шабуылдарға қарсы іс-қимыл, криминалистикалық форензика, реверс-инженерия); осал тұстарды өз күштерімен анықтау; осал тұстарды анықтау бойынша сыртқы ұйымдармен (оның ішінде "МТҚ" РМК) тиімді өзара іс-қимыл жасау; осал тұстарды жою жөнінде шаралар қабылдау | АҚ бұзылуы инциденттерінің және киберқауіптердің қайталануын болғызбау жөнінде шаралар қабылдау, алдын алу шараларын жүргізу |
| 4 | АК-инфрақұрылымының АК-көрсетілетін қызметтерді ұсынуға техникалық жағынан дайын болмауы | АК-көрсетілетін қызметтер сапасының нашарлауы, көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлемін көрсету мүмкіндігінің болмауы, МО мен оның көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар арасында беделдің нашарлауы, МО атынан тапсырыс берушілерден айыппұл санкциялары | "Электрондық үкіметтің" қолданыстағы АК-инфрақұрылымын зерттеп-қарау, зерттеп-қарауды талдау нәтижелері бойынша сәйкессіздіктерді жою | АК-инфрақұрылымы параметрлерінің анықталған сәйкессіздіктерін жою, сәйкессіздіктердің қайталануына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау |
| **2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік органдардың автоматтандырылған функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыруы, өмірлік және бизнес ахуалдарды** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **цифрландыру кезінде қоғамның рөлін арттыру** | | | | |
| 5 | B2B нарығы үшін қате маркетингтік / тарифтік саясатты қабылдау | Тауарлардың/ көрсетілетін қызметтердің/ жұмыстардың төмендетілген/ жоғарылатылған құнымен және жаңа клиенттердің тартылуымен байланысты инвестициялық жобалардың жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізбеу | АК-көрсетілетін қызметтер нарығын зерттеу және талдау, жеке АКТ-компаниялармен коммуникациялар орнату, бәсекелес компаниялардың ұсыныстарын мониторингтеу | Бекітілген есеп-қисаптарды қайта қарау. Нарықты трансформациялау жағдайында "ҰАТ" АҚ ұсынысын/ қызметін қайта бағдарлау. Маркетингтік / тарифтік саясатты жетілдіру |
| 6 | IT-қоғамдастықтың "ҰАТ" АҚ көрсетілетін қызметтеріне қызығушылығының болмауы | "ҰАТ" АҚ іскерлік беделінің нашарлауы, нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізбеу | Нарықты зерттелетін кезеңдегі (қазіргі сәт) көрсетілетін қызметтерге нақты қажеттілік тұрғысынан талдау | Маркетингтік науқанды жандандыру, "ҰАТ" АҚ қызметінің таңдалған бағдарына түзетулер енгізу |
| 7 | Күтілетін көлемде АК-көрсетілетін қызметтерге сұраныстың болмауы | АК-көрсетілетін қызметтерді ұсынудан түсетін жоспарлы кірістердің төмендеуі | Ақпараттандырудың сервистік моделінің жаңашылдығына байланысты тәуекелдерді ескере отырып, АК-көрсетілетін қызметтердің қажеттілігіне талдау жүргізу, шығыстарды жоспарлау | АК-көрсетілетін қызметтердің тізбесін қайта қарау, жаңа АК-көрсетілетін қызметтерді құру мәселесін пысықтау |
| **3-стратегиялық бағыт. Қоғам қызметінің тиімділігін және іскерлік бедел деңгейін арттыру** | | | | |
| | | | Жалғыз акционердің ұсынымдары негізінде корпоративтік басқару жүйесін жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру, оның ішінде: | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
